ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫМЕН
(қысқаша)

2025 жылғы 22 тамыз №5501-25-00-2/1863 іс Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Т.Ищанов, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазакстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Ш.Уәлиханов атындағы Әскери колледжі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Папирус плюс баспаханасы» Рожкова Марина Петровна жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:

1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2.Тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы

<u>ҚАРАР БӨЛІМІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 109, 223-226, 267-2 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазакстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Ш.Уәлиханов атындағы Әскери колледжі» республикалық мемлекеттік мекемесі «Папирус плюс баспаханасы» Рожкова Марина Петровна жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз катысушы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

«Папирус плюс баспаханасы» Рожкова Марина Петровна жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы болып танылсын.

«Папирус плюс баспаханасы» Рожкова Марина Петровна жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 209 (бір мың екі жуз тоғыз) теңге

көлемінде тұрақсыздық айыбы, мемлекеттің пайдасына 2 002 (екі мың екі) теңге көлеміндегі мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімнің күшін жою туралы өтініш осы баптың екінші бөлігінде көзделген талаптар ескеріле отырып, осы Кодекстің 21-тарауында белгіленген ережелер бойынша қаралады.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Ищанов А.Т.**

Көшірме дұрыс:
Судья **Ибрагимова Ю.Р.**

Анықтама: сот шешімі 2025 жылғы «01» қазанда заңды күшіне енген.

Судья **Ибрагимова Ю.Р.**

Құжатқа қол қойылған: Ищанов А. Т., 22.08.2025

Заңды күшіне енген күні: 01.10.2025, судья Ибрагимова Ю. Р., 01.10.2025

5501-25-3-1/2065